

6B01401 МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Музыкалық-педагогикалық міндеттерді заманауи оқыту әдістері, құралдар мен технологиялар негізінде шығармашылықпен шеше алатын музыка мұғалімдерін даярлау.

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналу мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Мектепте білім беруді реформалау өскелең ұрпақтың бейімділігі мен сипатын ескере отырып, оның жан-жақты үйлесімді дамуына бағытталған. Бұл музыка бойынша педагог мамандарды даярлау сапасына да жаңа талаптар қоюмен негізделеді. Осыған байланысты заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген және жаңартылған бағдарламаның мазмұнын білетін музыка бойынша педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігі туындайды.

Нарықтағы сұранысы. ҚР барлық білім беру жүйесін жаңғырту жоғары оқу орындарының қызметін жетілдірудегі маңызды міндеттердің бірі-біздің қоғам дамуының жаңа нарықтық жағдайында жұмыс істейтін жас кадрларды даярлаудың білім беру және мәдени деңгейін арттыру болып табылады. Бұл жағдайда, жоғары музыкалық-педагогикалық білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту, музыканың құзыретті мұғалімдерін дайындау мақсатында басымдыққа айналуы тиіс, өйткені мұндай мамандарға бүгінгі күні отандық еңбек нарығында сұранысқа ие.

ҚР БҒМ деректері бойынша республиканың мектептері мен педагогикалық колледждері музыка мұғалімдеріне мұқтаж («ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, ҚР Президентінің

12.10.2021 ж. №726 жарлығымен бекітілген», «2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы» miid.gov.kz).

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1. Нийде Омер Халисдемир университеті (Туркия); 2. Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті (Атырау); 3. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда)
----------------------	---

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Кембридж университеті - 16%

Омск мемлекеттік педагогикалық университеті - 32%

Карлов университеті Музыка факультеті - 18%

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Бұл БББ түлектері жұмысқа орналаса алады:

* Музыка мұғалімі ретінде жалпы білім беретін мектептеріне, гимназия, лицейлерге, балалар музыка мектептеріне, шығармашылық үйлерге және өнер мектептеріне орналаса алады;

* Балалар музыка мектебі мен студиясының оқытушысы:

- фортепиано сыныбы бойынша;
- баян сыныбы бойынша;
- домбыра сыныбы бойынша;
- хор дирижерлау сыныбы бойынша.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6В01401 – Музыкалық білім білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- музыкалық туындының құрылымындағы негізгі көркемдеуші құралдардың өзара әрекеттесу заңдылықтарын анықтай білу; гармонияның формасын құрайтын мәнерлі мүмкіндіктерін білу, музыкалық шығармаға гармониялық талдау жасай білу, музыкалық шығарманың мазмұны тұрғысынан гармониялық тәсілдерді сипаттау, фортепиано жаттығуларында зерттелген тәсілдерді қолдану, әлемге әйгілі композиторлардың өмір жолы мен шығармашылық қызметі туралы музыкалық-тарихи мәліметтерді меңгеру, көркемдік-стильдік бағыттарды білу және түрлі жанрдағы шығармалардың гармониялық және құрылымдық ерекшеліктерін теориялық мәселелермен байланыстырып үйлестіру.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

- хор ұжымын дирижерлай алу және вокалдық ансамбльге жетекшілік жасау, хор партитураларын оқи білу, вокал негіздерін меңгеру.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- музыкалық шығармаларды жоғарғы техникалық және көркемдік деңгейде орындай білу; ноталық мәтінді, концертмейстерлік жұмысты және шығармашылық музыканы (парақтан оқу, есту бойынша іріктеу, транспозициялау) өз бетінше талдау дағдыларын меңгеру; аспаптық өнер құбылыстарын талдай білу.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

- музыкалық білім, жалпы педагогика және психологияға сүйене отырып, музыкалық-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға дайындық, оқушылардың тұтас музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру тәжірибесі.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.
- ОН 2** – Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.
- ОН 3** – Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.
- ОН 4** – Топтық ортада музыканы оқыту әдістемесін қолданады, инклюзивті ынтымақтастық, интеграция және өзектілік қағидаларына негізделген инклюзия әдістерін музыкалық білім беруде пайдаланады.
- ОН 5** – Музыкалық-педагогикалық қызметте тарихи-теориялық, музыкалық-орындаушылық білім мен дағдыларды пайдаланады.
- ОН 6** – Балалардың музыкалық репертуарын ойнау, сүйемелдеу және транспозициялау дағдыларын меңгереді, оқушының музыканы меңгеруге қызығушылығын арттыру үшін оның жеке музыкалық қабілеттерін ескеріп, даму траекториясын айқындайды.
- ОН 7** – Мектепте вокалдық-хор әдістемесін оқытудың іскерлігі мен дағдыларын көрсетеді, ұйымдық мәдениетте оң өзгерістерді бастауға және жүзеге асыруға қабілетті.
- ОН 8** – Болашақ міндеттерге инновациялық жауаптарды әзірлеу үшін сыни және шығармашылық ойлауды қолдана отырып, музыканы оқытудың мазмұндық және әдістемелік аспектілерін пайдаланады.
- ОН 9** – Жеке тұлғалық қатынасты қолдау арқылы балалар музыкалық ұжымдарының қызметін ынтымақтастық принциптеріне негіздеп ұйымдастырады және басқарады.
- ОН 10** – Қазіргі заманғы музыка өнерінің жетістіктерін кәсіби қызметінде пайдаланады, музыкалық шығармашылықты дамытуға ықпал ететін жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде белсенді қолданады, музыкалық білім беру саласындағы мәліметті шығармашылықпен түрлендіреді.
- ОН 11** – Музыканы оқыту әдістерін кәсіби өсу перспективасы мен өзін-өзі жетілдіру үшін меңгереді және шығармашылық орта құрады.
- ОН 12** – Мәдениетаралық қарым-қатынас мақсатында қазіргі ғылымның әлеуметтік-мәдени, философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін талдау дағдыларын меңгереді.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1		+		+	+	+	+	+		+	+	+
ТА 2	+	+	+						+			
ТА 3					+	+	+			+		+
ТА 4			+	+					+	+		+
ТА 5						+	+	+			+	
ТА 6	+			+					+			

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.
- 3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық